


¹Есіркепов Ж.М.^a,  ¹Құрманбаев Б.І., ¹Омаров Б.С., ¹Битабаров Е.А.,
²Ақназаров С.Б.

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ДАҢҚТЫ БОКСШЫ Ә.НҰРМАХАНОВТЫҢ СПОРТТАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ (1956-1968жж.) НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Есіркепов Жандос Мergenбайұлы, Құрманбаев Болат Ізтілеуұлы, Омаров Бақытжан Сұлтанұлы, Битабаров Ермек Абдимажитович, Ақназаров Серік Баянқұлұлы

Даңқты боксшы Ә.Нұрмахановтың спорттағы жетістіктері (1956-1968жж) негізінде жастарды патриотизмге тәрбиелеу

Аннотация. Бұл мақалада Әбдісалан Нұрмахановтың өмір дерегі, бітім-болмысы, еңбекқорлығы, ізденімпаздығы, іскерлігі, мінез-ерекшелігі, ер тұлғасы жан-жақты қарастырылады. Спорттағы (бокстағы) алғашқы жетістіктері, әлемдік, құрлықтық, халықаралық деңгейдегі, КСРО-дағы, Қазақстан Республикасындағы бокстан қол жеткізген табыстары, марапат-мәртебелері баяндалып, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде алатын орны ерекше ашылады. Спорт өнерін ғылыммен сабақтастыруы, оны тәрбие құралы ретінде қарастыруы, ұстаз-жаттықтырушының қызмет барысында өзгелерге (шәкірттерге) үлгі боларлық ұстанымдары, шеберлігі, адами қасиеттері мен іскерлік қабілеттері терең талданады. Бокстан Ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы ретінде спортты (боксты) әлемдік деңгейге көтеруі, әлемдік деңгейдегі үздік спортшылармен бәсекелестікте ер мінезділік, өжеттілік, қайсарлық таныта білуі арқылы жас спортшыларды ұлттық патриотизмге баулу, тәрбиелеу ұстанымдары сараланады. Боксшының қазақ елінің спорт өнерін дамытуға, өркениетті ел деңгейінде көтеруге қосқан еңбектері, үлестері, қазақ спортының тарихында мәңгілікке жазылуы, оның мерей-мәртебесін биіктете түсуі айшықталады. Спорт сайыстарында кездесетін өзара бәсекелестіктегі әділетсіз шешімдерге өзінің күш-қайратын ғана емес, ақыл-ойы, пайым-парасатымен қатар, саналы ғұмырын да арнап өткен дарабоз атанып, қазақ спортының негізін қалағандардың бірегейі болғаны мақаланың құндылығын арттыра түседі.

Түйін сөздер: бокс, жаттықтырушы, патриотизм, спорт, тәрбие, жаттығу, дене қасиеттері, жетістік.

Yesirkepov Zhandos Mergenbaevich, Kurmanbayev Bolat Iztileuovich, Omarov Bakytzhan Sultanovich, Bitabarov Ermek Abdimazhitovich, Aknazarov Serik Bayankulovich

Education of youth patriotism based on the sporting achievements of the famous boxer A.Nurmakhanov (1956-1968)

Abstract. This article comprehensively examines the life path, character, diligence, curiosity, efficiency of Abdisalan Nurmakhanov, the features of his comprehensive personality. His first achievements in sports (boxing) at the world, continental and international levels, achievements and awards in boxing in the USSR and the Republic of Kazakhstan are described, his role in educating the younger generation in the national spirit is revealed. The connection of sport with science is deeply analyzed, its consideration as a means of education, as well as the position, skill, human qualities and business abilities of a teacher-coach in the process of activity, which can be an example for others (pupils). As the head coach of the national boxing team, he is distinguished by his ability to raise the sport (boxing) to the world level, to show courage, determination and courage in competitions with the best world-class athletes, to instill and educate young athletes in the spirit of national patriotism. The works and contribution of the boxer to the development of the sport of the Kazakh country, raising it to the level of a civilized country, forever included in the history of Kazakh sports, raising its prestige will be highlighted. The value of the article is enhanced by the fact that the doctor, who devoted not only his strength, but also his mind and wisdom, but also his conscious life to unfair decisions in mutual competition in sports competitions, became a unique founder of Kazakhstani sports.

Key words: boxing, coach, patriotism, sports, education, exercises, physical qualities, achievement.

Есіркепов Жандос Мergenбаевич, Курманбаев Болат Изтілеуович, Омаров Бақытжан Сұлтанович, Битабаров Ермек Абдимажитович, Ақназаров Серік Баянқұлұлы

Воспитание патриотизма молодежи на основе спортивных достижений прославленного боксера А. Нурмаханова (1956-1968 гг.)

Аннотация. В данной статье всесторонне рассмотрены жизненный путь, характер, трудолюбие, любознательность, деловитость Абдисалана Нурмаханова, черты его всеобъемлющей личности. Описаны его первые достижения в спорте (боксе) на мировом, континентальном и международном уровне, достижения и награды по боксу в СССР и Республике Казахстан, раскрыта его роль в воспитании подрастающего поколения в национальном духе. Глубоко анализируется

связь спорта с наукой, рассмотрение его как средства воспитания, а также позиция, мастерство, человеческие качества и деловые способности педагога-тренера в процессе деятельности, которые могут быть примером для других (воспитанников). Как главный тренер сборной команды по боксу отличается умением поднять вид спорта (бокс) на мировой уровень, проявить мужество, решительность и отвагу в соревнованиях с лучшими спортсменами мирового уровня, привить и воспитывать юных спортсменов в духе национального патриотизма. В статье освещены труды и вклад боксера в развитие спорта казахстанской страны, поднятие его на уровень цивилизованной страны, навсегда вошедший в историю казахстанского спорта, поднятие его престижа. Уникальность данной личности в том, что он врач, посвятивший не только свои силы, но и свой ум и мудрость, всю свою сознательную жизнь несправедливым решениям, вынесенным в спортивных соревнованиях во взаимной конкуренции, стал уникальным основоположником казахстанского спорта.

Ключевые слова: бокс, тренер, патриотизм, спорт, воспитание, упражнения, физические качества, достижение.

Кіріспе. Дархан даламызда ел намысын қорғап, өшпес із қалдырған тұғырлы тұлғалар аз емес. Сол тарихи тұлғалардың арасында 1957 жылдардан бастап ринг төрінде жасындай жарқырап, қазақтың атын әлемге танытқан даңқты боксшы әрі білікті бапкерлердің бірегейі - Әбдісалан Нұрмахановтың өмір жолы әр қазаққа үлгі-өнеге. Ешкімге ұқсамайтын дарын иесі өзгеден ерек, дара туған көптеген саңлақ спортшыларды тәрбиелеп шығарды. Қазақтың бокс мектебін қалыптастырып, жас боксшыларды тәрбиелеуде ерен еңбек сіңірді. Болашақ ұстаздарға арнап «Жекпе-жек» 1984 ж., «Бокс» 1986 ж., «Боксшы болғың келе ме?» 1994ж., «Бокс мектебі» 2001 ж. атты оқулықтар мен кітаптар шығарды. Сол кітаптары осы күнге дейін спорт сүйер қауымның, жас жаттықтырушылардың қолынан түспей, жас ғалымдардың ғылыми нысанына ілігіп келеді. Қазақтың қара нары атанған Әбдісалан Нұрмахановтың бокстағы жарқын жетістіктері мен бапкерлік қызметінің қыр-сыры жеке-жеке зерттеуге нысан болатын құндылықтарға толы.

Еліміз егеменді ел болып, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қазақстандық ғалымдар тың серпінмен, жаңаша көзқараспен, ерекше белсенділікпен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Осы кезеңде көптеген танымал қазақ ақын-жазушыларының туындылары ғылыми-зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырылып, жүйелі де көлемді ғылыми еңбектер жазылып, тәжірибеге енгізілгенін байқаймыз. Ал, қазақтың дала батыры, күш атасы Қажымұқан Мұнайтпасовтың мұраларын зерттеген Жанболат Бөжигінің кандидаттық диссертациялық жұмысынан басқа [1], палуан Нұрмағанбет Баймырзаұлы (Балуан-Шолақ), сондай-ақ қазақтан шыққан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Бектілеу Қаражанов, қазақ ұлттық ойындарын зерттеуші,

ғалым, профессор Мұратхан Тәнекеев сынды ғалымдардың, қазақ боксының негізін қалаушы Шоқыр Бөлтекұлы, КСРО-ның Еңбек сіңірген спорт шебері, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, желаяқ Ғұсман Қосанов, атақты футболшы Тимур Сегізбаев, даңқты палуан Әбілсейіт Айханов, Әлем және Олимпиада ойындарының жеңімпазы, палуан Шәміл Серіков пен Жақсылық Үшкөмпіров, бокс бекзадасы, Олимпиада ойындарының жеңімпазы Бекзат Саттарханов сынды т.б. даңқты спортшылар туралы мерзімді БАҚ беттерінде жазылған мақалалар мен бірлі-жарым кітаптар шыққаны болмаса, тыңғылықты ғалыми-зерттеулер жүргізіліп, терең талдаулар жасалып, диссертациялық жұмыстар жазылмаған. Осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынса, қазақ спортының тарихы орасан зор құндылықтармен, материалдармен толығырақ еді.

Біз осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Ә.Нұрмахановтың ғылыми еңбектері мен мақалаларын, оқулықтарын, бапкерлік қызметтегі жетістіктерін, саңлақ спортшылар тәрбиелеу ісіндегі үздік әдіс-тәсілдерін жан-жақты саралап, зерделеу барысында көлемді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибеге ендіруге таптырмас құндылық екенін анықтадық.

Зерттеудің мақсаты:

– Әбдісалан Нұрмахановтың рингте өнер көрсеткен 1956-1968 жылдар аралығындағы спорттағы жетістіктеріне талдау жасай отырып, жастарды патриотизмге тәрбиелеу;

– спорт өнерін тәрбие құралы ретінде қарастырып, оның адами болмысты, мінез-құлықты, рухани құндылықтарды жан-жақты дамыту бағытындағы ой-пікірлерін саралап, жастардың дені сау, рухани бай, шымыр да шыдамды, епті де икемді, күшті де қуатты болып өсулеріне бағыт-бағдар көрсету.

Зерттеу әдістері. Ғылыми оқулықтарды, мақалаларды талдау, сараптау. Ә.Нұрмахановтың

спорттағы жетістіктерін ғылыми тұрғыдан зерделеу.

Зерттеуді ұйымдастыруы. Әбдісалан Нұрмаханов – спорт пен ғылымды керемет ұштастырған қазақ спортының қара нары. Спорт әлемінде ғажайып із қалдырған даңқты спортшы, ғалым-ұстаз, білікті бапкер, өзгелерден озып туып, озық тұрған, бокс өнерінің майталман маманы. Ол киелі Түркістанның кереметін сезініп, бабалар рухы қолдап, қазақ спортының көкжиегін кеңейтіп, қазақ боксын биікке көтерген арда азамат. Оның қажырлы да қайсар, мақсатына жетпей жаны тыншымайтын өр мінезі қазақ спортының даңқын әлемдік деңгейге жеткізіп, бокс державалары саналатын АҚШ, Ресей, Куба, Ұлыбритания сияқты елдерден тайсалмай, Олимп шыңына сара жол салды.

Әбдісалан Нұрмаханов: «Мен қазақ боксына жан бітірдім, бойына қан жүгірттім» [2], – деп айтқанындай, оның бокс туралы жазған оқулықтары, кітаптары арқылы парасатты ойларын, өткір сөздерін жас бапкерлер мен спортшылардың бойына сіңіруіміз керек. Көрнекті ғалым, спорт жанашыры Б.Қаражанов «...Әбдісалан саналы ғұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, қазақ боксын да шығарып кетті. Саналы ғұмырында артында атан түйеге жүк болар, саналы пендеге ой салар қаншама мұра қалдырды. Көзінің тірісінде бүкіл бір елдің сүйікті спортшысына айналған, спортты ғылыммен ұштастырып кандидаттық диссертация қорғап, болашақ спортшыларға ұстаздық етіп, профессор атанған бекзада болмысы терең зерттеуді қажет етеді» [3], – деген сөзі жас зерттеушілерге шабыт беріп, Әбдісаланның шығармашылық мұрасының өзектілігін, ғылыми-зерттеу нысанына айналдыруға зор мүмкіндік екенін білдіреді.

Қазақстанның 10 дүркін чемпионы, КСРО чемпионатының 2 мәрте күміс жүлдегері, КСРО халықтары спартакиадасының 2 мәрте қола жүлдегері, тұңғыш Азия-Африка ойындарының (ГАНЕФО) жеңімпазы, «Буревестник» Орталық кеңесінің 7 дүркін, «Еңбек резервтері» Орталық кеңесінің 6 дүркін чемпионы. Қазақтан шыққан бокстан алғашқы КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы атанған дара тұлғаның шығармашылық мұрасын, замандастарымен жазысқан хаттарын, ғылыми мақалаларын, әртүрлі басылымдарға берген сұхбаттарын, өзі жеке дәптеріне түсіріп отырған жан сырларын, күнделіктерін мұқият жинақтап, жүйеге келтіріп, жинақ шығару баға жетпес

қазына-байлықтың тікелей мұрагері – келер ұрпақтың қолына тапсыру, бүгінгі күннің – парызы деп санаймыз.

Әбдісаланның ата-бабалары Арқаны мекен еткен, дәулетті, иманды, елге сыйлы адамдар болған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ақ пен қызылдың соғысы басталып, байлардың мүлкін кәмпескелеу кезінде Нұрмахан әулеті Бетпақдаланы басып, Қызылдың құмын сағалай Өзбекстанға көшіп, Сухандария өңіріндегі Күлтафа ауылына тұрақтайды. Сол жерде 1936 жылы 19 сәуірде Әбдісалан дүниеге келеді. Балалық шағы қиынқыстау кезеңге сәйкес келген Әбдісалан қатал тағдырға мойымай ерте есейеді [2, б. 5].

Әбдісалан халқымыздың батырлық эпостарының ішінде, әсіресе «Қобыланды батыр» жырын жақсы көріп, жаттап өседі. Оның «Қобыланды батыр жайында фильм түсіріліп, батырдың рөлін ойнауға мені шақырса, ойланбай барар едім», – деп армандаған сәттері де аз болмаған. Ата-бабалары Қостанай-Торғай өңірін мекендеген қыпшақтар, Қобыланды батырдың тікелей ұрпағы. Шартарапқа туған халқының атын шығарып, мерейін үстем етіп, жеңіс байрағын сан мәрте көтерген Әбдісаланның ерлігі ертедегі жаужүрек батырларымыздан кем болмаған. Гүрзі жұдырық алыбымыздың бір емес, екі бірдей атасы - өз атасы Әмір де, нағашы атасы Сыздық та Меккеге барып, мұсылмандық парызын өтеп, ғибадат етіп, қасиет қонған киелі адамдар болған. Осы кісілердің батасын алып, қазақ боксының қара нары атанған Әбдісалан Кәрімұлының бойындағы табандылық, намыскерлік, қайраттылық қасиеттерінің текті жерден шыққандығын пайымдаймыз [4].

Мектепке қатарластарынан кеш барған Әбдісалан сегізжылдықты бітірген бойда Алматыға барып, темір жол техникумына оқуға түседі. Қарулы, бойшаң бозбала баскетбол мен ядро лақтыруда бағын сынап көреді. Ядро лақтырудан Алматыдағы оқу орындары арасында топ жарып, мамандар назарына ілігеді. Бірақ көңіл соқпаған соң тұрақтамай, әйгілі волейбол жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың шақыруымен волейболға ауысады. Волейболға да көңіл хошы болмайды. Осыны сезген О.Жарылғапов үш айдан кейін Әбдісаланды қолынан жетектеп, боксшыларға қосып жібереді. Түркістанда Молдабек Құралбаев деген жас бапкерден он бес жасында бокс әліппесін үйренген Әбдісаланның шаршы алаңдағы жеңісті жолы осылай басталды [2, б. 56].

Алматыға арман қуып келген қарапайым қара жігіттің аз жылда бағындырған жетістіктері

тұтас ұлттың абырой-намысымен астасқан керемет деңгейге көтерілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Кез-келген спортшының кездейсоқ жеңіске жетіп, бағы жанып, даңқ тұғырына көтеріліп кетуі де мүмкін. Ал, керісінше, спортшыға бәйгені шаппай беріп, ең күшті осы деп мойындап, алдын ала алтын медалды оған телу некен-саяқ кездесетіні заңдылық. Ә.Нұрмаханов соңғы санатқа қосылатын боксшы. Ол рингке шыққан бойда жұрт көзіне түсіп, теңдессіз боксшы болды. Оның бір басында нағыз спортшыға лайық қасиеттер: күш пен төзім, тапқырлық пен тәсілқойлық, ең бастысы - ұлттық рух асқақтығы бар еді.

Жалпы Нұрмахановқа мамандар әр түрлі баға береді. Біреулер «Техникасы онша емес, әйтеуір қара күшпен алады» десе, екіншілері «әдіс-айласы мол, бірақ ринг төрінде пайдалана бермейді», – деп оларға кереғар пікір айтады. «Сокқысы жойқын болса да қарсыласын сұлатып салуға қауқарсыз», – дейді үшінші біреулер. Не десе де, Нұрмахановтың тамаша жұдырықтасқанын спорт сүйер қауым жақсы біледі. Ол мұндай шеберлікке жалықпай ізденудің, ерінбей тер төгіп жаттығудың арқасында жетті. Бұл туралы оның «машықтануға әрқашан басқадан екі-үш есе көп тер төгемін», – деп айтқаны дәлел [2, б. 36].

Белгілі спорт журналисі, профессор Ө.Жолымбетов «Әбдісаланның бокстағы әрбір жеңісті сәті Қазақстанның шалғай өңірлерінде де спорттың дамуына ерекше назар аударылғандығын көрсетеді. Қызылқұмда туып, киелі Түркістанда өскен жігіттің мұндай биікке көтеріліп, спорт тарихында тұңғыш рет өткізілген ГАНЕФО ойындарының чемпионы атануының өзі Қазақ еліндегі дене тәрбиесі мен спорттың жоғары деңгейде дамып келе жатқанының жарқын белгісі» [5], – деп баға беруі қазақ спортына тың серпін беріп, жастардың спортпен шұғылдануына көптеп тартылып, елімізде дене тәрбиесі мен спорттың кең көлемде наихатталуын аңғартады.

Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысу адам бойында табандылық, шыдамдылық сияқты қасиеттерді дамытатыны белгілі. Әбдісаланның бойында бұл қасиеттер үлкен спортты аяқтаған соң көрініс берді. Барлығы 239 жекпе-жек өткізіп, соның 222-сінде жеңіске жеткен Әбдісалан былғары қолғапты шешкеннен кейін де сүйікті боксын тастаған жоқ. Қалған өмірін жас жеткіншектерді бокс өнерінің әдіс-тәсілдерін меңгеруге тәрбиелеп,

жаттықтыруға арнады, Әл-фараби атындағы Ұлттық университетінде шәкірттер тәрбиелеп, Қазақ спорт және туризм академиясында бокс кафедрасын меңгерді, бұған қоса ғылыми жұмыспен шұғылданып, ғылым теңізіне терең-дей енді.

Кейде табиғат барлық қасиеттерді үйіп-төгіп бере салған адамдар болады, бірақ бар талантыңмен жарқырап шығайын десе оны дамытуға ерік-күші, төзімі, еңбекқорлығы жетпейді. Екінші бір адамдарда бұл жоқ, оның есесіне алға ұмтылыс, үнемі талпыныс бар. Әбдісалан екінші топтағыларға жатады. Алғашқы жаттығуларда ұстазы байқап қалған күштілігі ядро лақтыру арқылы келсе, қанша жұдырықтасса да шаршамайтын төзімділігін жеңіл атлетикамен дамытты. Оның үстіне боксқа деген құштарлығы алдында тау кездесе де қопарып тастауға дайын тас түлек болуға жетеледі. Әйтпесе, алып денесі мен жойқын сокқысы болса да, әлемдегі ең шебер боксшылардың қатарына қосылмайтын еді.

Қарсыласың күшті болса, ерекше бір шабытпен, жігермен бокстасасың. Бұл оның рингтегі қашанғы ұстанымы болатын. Әбдісаланды техникалық тәсілдің төңірегіндегі боксшы деп ойлауға болмайды. Ол қарсыласын ашық айқасқа шақырып, ауыр сокқыларын еркін сермеп, ұпай жинауда, кез-келген ұрымтал сәтте жағдайды өз пайдасына шешіп отыратын шебер болса, бәсекелесінің сәл қимылының өзінен оның ойын, алдағы жоспарын аңғара алатын психолог та. Ұстазы Ескендір Хасановтың «Ақылмен бокстасу керек. Күшінді, шеберлігінді ақылмен жұмса, әйтпесе бар қайратың далаға жайылған су сияқты пайдаға аспайды», – деп айтатын ақылы Нұрмахановты ақылмен бокстасып, күшқуатын үнемдеп жұмсауға тәрбиеледі [6].

Зымыраған жылдар ішінде Әбдісалан бокс залында қаншама тер төкті. Тіпті залда жалғыз өзі қалып, машықтанатын кездері де аз болмады. Ол былғары қолғаптың айтулы шебері болу үшін тек жаттығудың жеткіліксіз екендігін терең түсінді. Сондықтан Әбдісалан батпан-батпан тасты көтеріп, бұлшық етін шынықтырды, тау-тасты кезіп шыдамдылығын шыңдады. Төккен тер, еткен еңбек зая кеткен жоқ. Республика чемпионы атанды. Артынша Бүкілодақтық жарыстарға қатысуға мүмкіндік алды. КСРО чемпионатындағы орыс «танкісі» атанған А.Абрамовпен шайқасы Әбдісаланға бар күш-қуатты тек жеңіс үшін қалай жұмсауға болатындығын, спортшының бойындағы ерік-күші дегеннің қандай құдірет

екендігін көрсетті. Жай оғындай зымыраған жұдырық қарсыласының ашық тұстарын дәл тауып төпелеп жатты. Екпіні су сепкендей басылған Абрамов көмбе басына жақындағанда аяғын сылбыр басып, жүрісінен жаңыла бастады. Бірақ та бақыт құсы Абрамовтың басына екінші рет барып қонды. Әбдісалан ағаның бабы келіскенмен, бағы шаппады. Төрешілер көрер көзге әділетсіздік танытып, Абрамовқа бұрып берді. Кейінірек Әбдісалан аға «Өмірде алтыннан да қымбат күміс және қола медальдар болады. Мен өзім КСРО чемпионатындағы, КСРО халықтарының спартакиадасындағы табысымды спорттық жетістіктерімнің ішіндегі аса жоғары көрсеткіш деп бағалаймын», – деп өзінің жеткен жетістігіне көңілі толатынын білдірген болатын [7].

Әрине, жарысқа қатысу деген сөз үнемі бірінші болу деген сөз емес. Кей жарыстағы сәтсіздік адамды ширықтырып, өткеннен тағылым алып, «жеті рет өлшеп, бір рет пішуге» үйретеді. Академик Ж.Егізбайұлының «Спортшы мәуелі ағаш сияқты. Баптасаң, мәпелесең ғана – гүлдеп, бүршік атып, өзінің жемісін береді, содан кейін мәуелі баққа айналады», – деген қанатты сөзі бар [8]. Әбдісалан Нұрмаханов осындай Қазақ спортының мәуелі бір бәйтерегі еді. Ол рингте өзіне ғана тән айшықты із қалдырды. Басқаларға титтей де ұқсамау нағыз қас таланттың ғана қолынан келетін іс болса керек.

Ақын немесе композиторға өзінің ең сәтті туындыларын жазу үшін шабытты шақ қандай керек болса, жауапты жарыс кезінде спортшыға да көңілдің хошы, бойының сергектігі сондай қажет. Қазір жеңіс тұғырына көтерілу үшін бұрынғыдай қара күштің қажеті шамалы, спорт өзінің бар қырымен, көрермендерге әкелетін

эстетикалық ләззатпен, ішкі психологиялық иірімдерімен, драмасымен әлдеқашан өнерге айналған. Дайындығы, табиғи дарыны тең түсіп жататын кейбір бәсекелерде, интеллектісі жоғары спортшылардың салмағы ауырлап, жеңіс соның қанжығасында кетіп жүргені бір бұл емес, рингтегі сәл-пәл артық қимылдың сезімтал төрешінің ине сұққандай жүрегін шымыр еткізетіні де сондықтан.

Қазақстан спортының даңқын шығарған саңлақтарды еске алсақ, Әбдісалан Нұрмахановтың есімі алдыңғылардың бірі болып аталатыны сөзсіз. Он жылдан астам уақыт бойы үзіліссіз Қазақстан чемпионы болып, қазақ боксын өрге сүйреп, КСРО құрамасының сапында өнер көрсетіп, кілең ығай мен сығай боксшылар жиналған байрақты бәсекелерде қайсар жүректілігімен, күрзі жұдырығымен қарсыласының мысын басу кез-келгеннің маңдайына жазылмаған. Осы жарыстарда жеңістен үміткер, Одақтың алып боксшылары Л.Мухин, А.Абрамов, А.Изосимов, Я.Ланцерстер қазақ боксшысы Әбдісалан Нұрмахановты ең басты бәсекелесім деп есептеді.

Біз Қазақстандық боксшылардың 1956-1976 жылдар аралығындағы КСРО чемпионатына қатысып, жүлде алған боксшылардың жетістіктеріне терең талдау жасадық. 1-кестедегі мәліметтерге талдау жүргізсек, көрсетілген жылдар аралығында қазақстандық 29 боксшы КСРО біріншілігінде жүлдегер атанған. Ал, 2-кестеде 1956-1968 жылдар аралығында бокстан КСРО халықтары спартакиадасында жүлде алған қазақстандық спортшылардың көрсеткіші беріледі. Осы боксшылардың ішінде ауыр салмақта Ә.Нұрмаханов екі мәрте күміс жүлде және КСРО халықтары спартакиадасының екі дүркін қола жүлдегері атанған.

1-кесте – 1956-1976 жылдар аралығында бокстан КСРО чемпионатында жүлде алған қазақстандық спортшылардың көрсеткіші

Жылдар	Орындар		
	1-орын	2-орын	3-орын
1957			М.Омаров (48-51 кг)
1957		Ә.Нұрмаханов (+81 кг)	М.Омаров (48-51 кг)
1959	А.Кадетов (75-81 кг)	М.Омаров (48-51 кг)	
1960	В.Каримов (60-63,5 кг)		
1962		В.Каримов (60-63,5 кг)	Л.Тришкин (63,5-67 кг)
1964	В.Каримов (60-63,5 кг)	Ә.Нұрмаханов (+81 кг)	

1-кестенің жалғасы

1965		В.Каримов (60-63,5 кг)	Ю.Андрюшенко (67-71 кг)
1967			В.Баранов (60-63,5 кг)
1968			Ю.Селивестров (58-62 кг) В.Минаев (75-81 кг)
1969		Ж.Кукумов (48 кг) А.Абдрахманов (63,5 -67 кг)	О.Гуров (58-62 кг)
1970	А.Абдрахманов (63,5-67 кг)		О.Гуров (58-62 кг)
1971	А.Абдрахманов (63,5-67 кг)		А.Торопов (60-63,5 кг)
1972		А.Торопов (60-63,5 кг)	М.Жақсыбаев (51-53,5 кг)
1973	-	-	-
1974	А.Торопов (60-63,5 кг)	Б.Сапеев (48-51 кг)	В.Плакущий (60-63,5 кг) А.Тлеубаев (63,5-67 кг)
1975		В.Плакущий (60-63,5 кг) А.Шевченко (58-62 кг)	

2-кесте – 1956-1968 жылдар аралығында бокстан КСРО халықтары спартакиадасында жүлде алған қазақстандық спортшылардың көрсеткіші

Салмақ дәрежесі	Орындар		
	1-орын	2-орын	3-орын
48 кг		Ж.Көкімов	
51 кг			М.Жақсыбаев
60 кг	О.Гуров		
63,5 кг		А.Торопов	
67 кг			А.Абдрахманов
71 кг			Ю.Хренин
81 кг			В.Гребенюк
+81 кг			Ә.Нұрмаханов Ә.Нұрмаханов

Біз КСРО спортының бокс шежіресін парақтап, тақырып аясындағы материалдарды жинақтап, талдаудан өткізіп, сұрыптағанмызда 1956-1976 жылдар аралығында бұрынғы Одақтас Республикалардың 71 боксшысы КСРО-ның Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алса, бұл мәртебелі спорттық атақты үш қазақстандық иеленді. А.Абдрахмановқа 1971 жылы Еуропа чемпионы, О.Гуров пен Б.Сапеевке 1972 жылы «Достық» ойындарының жеңімпазы атанғаны үшін берілді. Ал, 64 боксшы «Еңбек сіңірген спорт шебері» атағын иеленген. КСРО-дағы ең жоғарғы бұл атақ қазақ боксшыларының ішінен жалғыз Ә.Нұрмахановқа Азия-Африка (ГАНЕФО) ойындарының чемпи-

оны атанғаны үшін берілді [9]. Сонымен қатар, 1956-1976 жылдар аралығында қазақстандық А.С.Үсенов, Ә.Нұрмаханов, Б.С.Цхвириашвили, А.В.Глебчук, С.Л.Джексон, И.Е.Гольдберг, Х.К.Омарғалиев, Р.А.Рехерт, Г.Ф.Рожков сынды бокс мамандары Бүкілодақтық дәрежедегі төреші атағына қол жеткізді [10]. Ал, С.Әбденәлиев пен Ә.Нұрмахановтың Халықаралық АИБА төрешісі атағына қол жеткізуі тарихи құбылыс болып саналады. Ә.Нұрмахановтың Әлем және Азия чемпионаттарында, С.Әбденәлиевтің Олимпиада ойындарында төрешілік жасауы нағыз кәсібиліктің, өзі ісіне шын берілгендіктің нәтижесі деп бағалауымыз керек [11]. Еліміздің бокс саласын дамытуда ерен еңбек сіңірген

ағаларымыздың жетістіктері қазақ жастарын шабыттандырып, мотивация беретін, елінің абыройын, намысын биік ұстап, Отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы зор.

Біз КСРО бокс тарихын саралау барысында ауыр салмақтағы боксшылардың жетістіктері басқа салмақ дәрежесіне қарағанда жоғары бағаланатынына, сондай-ақ Ә.Нұрмахановтың

жетістіктері жоғарыда аталған қазақстандық боксшылардың арасында бір саты жоғары тұратынына көз жеткіздік. Ә.Нұрмаханов КСРО чемпионатына 1956 жылдан қатыса бастады. Ол кезде аса ауыр салмақ дәрежесі 81 келіден жоғары болып саналатын. Әбдісаланның Халықаралық жарыстардағы және КСРО біріншіліктеріндегі көрсеткіштерін саралап көрсек. 3-кесте.

3-кесте – Ә.Нұрмахановтың Халықаралық жарыстардағы және КСРО чемпионатындағы көрсеткіштері

Жылдар	ҚазКСР біріншілігі	Динамо ерікті спорт қоғамы	Елбек резервтері орталық кеңесінің біріншілігі	КСРО біріншілігі	КСРО халықтарының спартакиадасы	Бүкілодақтық студенттік ойыны	Халықаралық турнирлер	Азия-африка ойындары
1955	1							
1956	1	1						
1957	1	1	1	2				
1958	1		1					
1959		1	1		3		1	
1960	1	1	1			1	1	
1961	1			2			2	
1962	1	1					1	
1963	1		1					1
1964	1		1					
1967	1				3			

КСРО чемпионатына қатысатын ауыр салмақтағы боксшылардың қай-қайсысы болмасын Нұрмахановты осал деп атаған емес. Қайта ол рингке шыққан сәтті күтіп сыртынан жеңілгенін тілеп, көреалмаушылық танытатындар аз болмаған. Ол мүлт кетіп, соққы жіберсе – жадырап, ауыр соққыларын дәл тигізсе – тұнжыраған бәсекелестері қаншама болды.

Қашанда жеңіс деген сөз айтуға ғана жеңіл. Спортшы ертеңгі атақ-даңқты ойласа, босаңсып сала береді. Білікті бапкер Ескендір Хасанов «Рингке шықтың екен – бокстас, жеңіске деген талпыныстан бөтен ойың болмасын. Бойыңда құрыштай қайрат, «жаным – арымның садағасы», – деген найзағай мінез, жаныңда алаулаған на-

мыс оты болмаса, бокс шебері болғандығыңның құны қанша», – деп шәкіртін шарболаттай қайрап, жеңіске деген жігерін шындаудан бір сәт те айныған емес. Осы ұстанымды Әбдісалан шәркірт тәрбиелеу ісінде жадынан бір рет те шығарған емес. «Жақсы сөз – жарым ырыс». Ел еріне сенген. Сол сенім ринг төрінде сан мәрте ақталып, миллиондаған қазақ жанкүйерлері теледидардан бокс жарысы көрсетіледі деген түндері көгілдір экранның алдында таң күзеткен кездер де аз емес. Екі мәрте КСРО-ның күміс, КСРО халықтарының спартакиадасының қола жүлдегері, Азия-Африка елдері ойындарының чемпионы атағына ие болған бокс саңлағының өнерін тамашалап, елдің ерге, ердің елге тірек

болғаны жүректі шымырлатып, көңілге қуаныш сыйлайтыны анық.

1957 жылы Мәскеу қаласында КСРО чемпионаты өтті. Кейде сол КСРО чемпионатының өзінде жеңіске жету оңай болмайды. Кілең сен тұр, мен атайын деген сайдың тасындай іріктелген ең мықты боксшылар бос қосатын бәсекенің жауапкершілігі де үлкен. Сол кездегі КСРО бокс федерациясының вице-президенті Н.А.Никифоров-Денисов: «Елімізде әр салмақ дәрежесінде мықты боксшылардың көптігі соншалық, олардың кез-келгенін ең жауапты сындарға салсақ, сенімді ақтайтындығында күмән жоқ», – деген еді [12]. Бұл сөздің астарынан КСРО боксының қаншалықты жоғары деңгейге өскенін, КСРО чемпионатын жеңу әлем чемпионатын жеңгенмен бірдей екенін көрсететін жан берісіп, жан алысатын жекпе-жек, темірдей төзім, мықты психология, сан алуан әдіс-тәсіл жатқанын көруге болады. Чемпионатта екінші, үшінші орын алсаң, бұл сенімге ие бола қоюың екіталай. Өйткені командадағы әр салмақ дәрежесінен бір-ақ боксшыны ұлттық құрамаға алатыны белгілі.

Әбдісалан осы чемпионатқа мұқият әзірленіп, іштей тас түйін дайын болды. Спорттық бабына енді ме, әлде жеңіске жетсем деген жігер күшті болды ма, әйтеуір қанша жаттығу жасаса да үнемі аз сияқты көрінді. Ұстазы Ескендір Хасанов «Жарайды, бүгінге осы да жетеді!», – десе, Әбдісалан одан сайын шабыттанып, күш-қуатын сарқа жұмсайтын. Оның көңілі жанкештілікпен қаншама тер төксе де жаттығуға толмады. Бұл қасиеттерді қазіргі әрбір бокс мамандары мен жас боксшылар бойларына сіңіріп алса, таптырмас тәрбие құралы болатыны сөзсіз. Адамның көңілі өзіне толмаса, оның өскендігінің белгісі. Күйреу, божырау, құлдырау, шегіну дегендер адамның өз-өзіне риза болмауынан басталатыны белгілі.

1957 жылғы Мәскеуде өткен КСРО чемпионатын ерекше атап өтуге болады. Әбдісалан алдымен Г.Поповты (Мәскеу), одан кейін С.Яковенконы (Ленинград) жеңіп, финалда Андрей Абрамовпен кездесті. Екі боксшы бір-біріне нокдаун берді, алайда гонг қағылып үлгергендіктен, Абрамовқа Әбдісаланның соққысынан кейін төреші есеп ашқан жоқ. Кейін Абрамовтың өзі: «Жекпе-жек енді бір минутқа созылғанда, сен ұрмай-ақ құлайтын едім», – деп Әбдісаланның соққысының жойқын екенін мойындап, құрмет көрсеткен. Төрешілер жекпе-жек қорытындысын шығару үшін 15 минут бойы кеңесіп, ақыры Абрамовтың қолын көтереді.

Ә.Нұрмаханов КСРО-ның күміс жүлдегері атағына қоса, КСРО спорт шебері атанады.

КСРО құрамасына кандидат болған жылдары аса ауыр салмақта Мәскеулік А.Абрамов бірінші нөмірлі боксшы саналды. Ол кездері боксшылар үшін басты сын - Олимпиада еді. Ұлы державаның солақай саясатына байланысты 1964 (Рим) және 1968 (Мехико) жылдары өткен Олимпиада ойындарына Ә.Нұрмахановтың бабы келісіп тұрса да, орыс ұлтының өкілдері қатысты. Бұл туралы Әбдісалан аға өз естелігінде «Тағдырдың жазғаны болар! Екі Олимпиада да орыс боксшылары жоғары деңгейде өнер көрсете алмады. Маған бір мүмкіндік берілгенде елімнің намысын қолдан бермес едім», – деп тебіренгенінен туған Отанының абыройын бәрінен биік қоятынын көруге болады [13].

Әбдісалан ағаның бокстағы техникалық шеберлігін жоғары бағалаған Мәскеу, Ленинград, Киев, Ташкент қалаларының бокс мамандары жеті-сегіз жыл қатарынан аталған қалалардың атынан сынға түсуге шақырады. Ұй, көлік, қомақты қаржы да ұсынады. КСРО құрамасына бірінші нөмірмен түсетінін де айтып, көндіруге тырысады. Бірақ материалдық құндылықтан ұлттық намысты биік қойған Әбдісалан Қазақстаннан кетуді ойына да алмайды. «Өз елімнен кетіп, басқа жақтың туы астында өнер көрсету мен үшін өліммен бірдей болып көрінді», – деген сөзі өз мүддесінен елінің абыройын жоғары қойған нағыз намысқой азаматтың қолынан келсе керек [11, б. 35]. Әбдісаланның осы ерлігі арқылы жастарды Отанын шын сүйуге шақырып, насихаттауымыз керек.

Көзінің тірісінде лайықты құрмет-қошемет көрмей, асқақкеудесі илікпей, алтын басы ноктаға сыймай кеткен Әбдісалан Нұрмахановтай даңқты боксшы, көрнекті ғалым, білікті бапкердің қазақ боксының дамуына сіңірген ерен еңбегін ұлықтап, жастарды спорт өнері арқылы ұлттық болмысқа, намысқа тәрбиелеуге бағытталған педагогикалық қызметін жан-жақты зерттеп, өскелең ұрпаққа насихаттап, рухына тағзым ету біздің азаматтық борышымыз деп білеміз.

Қорытынды. Әбдісалан Нұрмаханов өзін қолпаштап өткен халқымен, туған жер, өскен елімен әрқашан бірге болды. Өзі артынан ерген әріптес інілеріне: «...Елге барып, кең тыныстап, үлкендерге сәлем беріп, батасын алып жүріңдер. Ауылды ұмытып, шеттеп қалмаңдар», – деп ақылын айтып, елге деген сағынышын білдіріп отыруды өзінің азаматтық парызы санағанын білеміз. Бірақ Әбдісаланды әлем танып, даңқы дүркіреп шықса да, өскен жері

мен жерлестерін қаншама дәріптесе де, өз елінде қадіріне жетпейтініміз де шындық. Ардақтыларды тірі кезінде емес, өмірден қайтқаннан кейін бағалайтын қасиетіміз де бар. Немесе өзге ұлт өкілдері құрметтеп жатса, содан кейін бағалаймыз. Әбдісаланнан айрылғаннан соң ғана киелі Түркістан халқы қандай асыл азаматынан айрылғанын түсініп, ежелгі Тұранның туын көтерген ұлдарын ұлықтауды қолға алды. Алайда, ұлы боксшымызды ұлықтаудың, қас-терлеудің, қазақ боксын дамытудағы ерен еңбегін, спорттағы және бапкерлік қызметтегі жетістіктерін дәріптеп, есімін елге насихаттап, есте қалдыру мақсатында Алматы, Астана қалаларында бокстағы баһадүр батырымыздың нар тұлғасына сай еңселі ескерткіш тұрғызылса, Алматы, Астана, Шымкент қалаларында бокстан жасөспірімдер спорт мектебі, спорт мекемесі, спорт сарайы Ә.Нұрмаханов есімімен аталса, Түркістан, Шымкент қалаларында Ә.Нұрмаханов атындағы дербес мұражай ашылса, ғасырда сирек кездесетін атақты боксшының өмірін баяндайтын деректі фильм немесе

драмалық спектакль сценарийі жазылса, Қазақ боксын әлемдік, құрлықтық деңгейге көтерген Әбдісаланның ізбасарларына (ауыр салмақтағы) арнаулы шәкіртақы тағайындалса өскелең ұрпақты өр рухты, батыр бабаларындай намысты болып өсулеріне таптырмас тәрбие құралы болатыны сөзсіз.

Бұл мақалада тек даңқты боксшының спорттық жетістіктері арқылы жастарды Отан-сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатын көздедік. Алайда, Әбдісалан Нұрмахановтың ғылыми еңбектері, мақалалары мен зерттеу жұмыстары терең талдау жасауды, бапкерлік қызметіндегі жетістіктері, ой-пікірлері, шәкірттер тәрбиелеудегі тың ұсыныстары жан-жақты саралауды, ғылыми тұжырымдар жасап, тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Болашақ еңбектерімізде жоғарыда аталған мәселелерге мұқият талдау жасалатын болады. Тәуелсіз Қазақ елінің спортын Әлемге танытқан батыр ердің спорттағы, бапкерлік қызметтегі жетістіктері, ғылыми зерттеулері мен мақалалары талай ғылыми жұмысқа нысан болатын сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Бөжиг Ж. Жасөспірімдерді тәрбиелеу процесінде Қажымұқан Мұңайтпасұлы мұрасын пайдаланудың педагогикалық шарттары // Пед.ғылым.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис.автор. – Қарағанды, 2005. – 30 б.
- 2 Нұрданбекұлы Қ. Намысы найзағай Нұрмаханов. – Алматы, 2018. – 184 б.
- 3 Рысбекұлы Қ., Тайжан Б. «Қазақ боксшылары» тарихи деректі басылым. – Алматы, 1998. – 121 б.
- 4 Нұрмаханов Ә. Жекпе-жек. – Алматы «Жалын», 1986. – 268 б.
- 5 Жолымбетов Ә. Бес шығыршық. – Алматы «Жалын», 1991. – 256 б.
- 6 Досмухамбетов Т. Когорта славных / – Астана «Жарыс Кз», 2013. – 280 с.
- 7 Нұрлыбек С. Қазақ спортының саңлақтары // Білім. – Алматы, 2007. – 194 б.
- 8 Егізбайұлы Ж. Шындық пен әділдіктің ақ семсері / – Шымкент, 2011. – 439 б.
- 9 Тароторин Н.Н. Бокс. Справочник. – М.: «Физкультура и спорт», 1976. – 248 с.
- 10 Жолымбетов О., Кульназаров А.К. Казахстан спортивный: Энциклопедический справочник. – Алматы, 2004. – 668 с.
- 11 Баймұханбетов Б.М., Халилаев А.Н. Нар тұлғалы Нұрмаханов Әбдісалан. Оқу-әдістемелік құрал. – Түркістан, 2006. – 68 б.
- 12 Нұрмаханов Ә. Бокс мектебі. – Алматы, 2006. – 256 б.
- 13 Найманбаев Қ. Даңқ тұғырында // Білім. – Алматы, 2017. – 152 б.

References

- 1 Bözhiğ ŽH. ŽHasəspirimderdi tərbiəleu procesinde Kažymұkan Mұñajtpasұly mұrasyn pajdalanudyn pedagogikalыk sharttary // Ped.rylym.kand.rylymi dərezhesin alu yshin dajyndalğan dis.avtoref. – Qarağandy, 2005. – 30 b.
- 2 Nұrdanbekұly Q. Namysy najzağaj Nұrmahanov. – Almaty, 2018. – 184 b.
- 3 Rysbekұly Q., Tajzhan B. «Qazaq boksshylary» tarihi derekti basylym. – Almaty, 1998. – 121 b.
- 4 Nұrmahanov Ә. ŽHekpe-zhek. – Almaty «ZHalyñ», 1986. – 268 b.
- 5 ŽHolumbetov Ә. Bes shyğyrshyq. – Almaty «ZHalyñ», 1991. – 256 b.
- 6 Dosmuhambetov T. Kogorta slavnyh / – Astana «ZHarys Kz», 2013. – 280 s.
- 7 Nұrlybek S. Qazaq sportynың sañlaqtary // Bilim. – Almaty, 2007. – 194 b.
- 8 Egizbayұly ŽH. SHyndyq pen ədildiktiң aq semseri / – SHymkent, 2011. – 439 b.
- 9 Tarotorin N.N. Boks. Spravochnik. – M., «Fizkul'tura i sport», 1976. – 248 s.
- 10 ŽHolumbetov O., Kul'nazarov A.K. Kazahstan sportivnyj / Enciklopedicheskiy spravochnik. – Almaty, 2004. – 668 s.
- 11 Bajmұhanbetov B.M., Halilaev A.N. Nar tұлғaly Nұrmahanov Əbdisalan. Oқu-ədistemelik құрал. – Tүrkistan, 2006. – 68 b.
- 12 Nұrmahanov Ә. Boks mektebi. – Almaty, 2006. – 256 b.
- 13 Najmanbaev Q. Dañq тұғыrynda // Bilim. – Almaty, 2017. – 152 b.

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Есіркепов Жандос Мергенбайұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Есіркепов Жандос Мергенбаевич – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор; Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Yessirkepov Zhandos Mergenbaevich - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor; International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</p>
---	---	---